

Сапа менеджменті жүйесі  
Факультеттің академиялық сапа  
жөніндегі кеңесі туралы ереже



«С.Сейфуллин атындағы Қазақ  
агротехникалық университеті»  
КеАҚ

СМЖ ФАСКЕ 02.2069 - 2021 15 беттің 1 беті 1-нұсқа

«Бекітілді»  
Басқарма төрағасының  
26.08.2021ж.  
№ 483-Н бұйрығымен

## САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

---

### ФАКУЛЬТЕТТІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ

---

#### ЕРЕЖЕ

**СМЖ ФАСКЕ 02.2069-2021**

\_\_\_\_\_ дана

\_\_\_\_\_ көшірме

**НҰР-СҰЛТАН 2021**

Сапа менеджменті жүйесі  
Факультеттің академиялық сапа  
жөніндегі кеңесі туралы ереже



«С.Сейфуллин атындағы Қазақ  
агротехникалық университеті»  
КеАҚ

СМЖ ФАСКЕ 02.2069 - 2021 15 беттің 2 беті 1-нұсқа

## АЛҒЫ СӨЗ

### **1 Академиялық мәселелер жөніндегі департаментімен ӘЗІРЛЕНДІ**

жұмыс тобының (ЖТ) атауы

### **2 Басқарма Төрағасының 26.08. 2021ж. № 483-Н бұйрығымен**

(лауазымды тұлға, бекітетін құжат) (бекітуші ұйымдық-өкімдік құжаттың атауы, күні және нөмірі)

### **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ**

**3 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:-** Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры, п.ғ.д., профессор – Қ.А.Сарбасова

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні

- Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті директорының орынбасары, т.ғ.к., қауымд. профессор м.а. – А.Ш.Имашева

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні

- Сапаны қамтамасыздандыру менеджері – А.К.Абдукаримова

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ  
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

2026 ж.

5 жыл

Осы ереже «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ Басқарма төрағасының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және таратылмайды.

<p align="center"><b>Сапа менеджменті жүйесі Факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесі туралы ереже</b></p>	 <p align="center"><b>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</b></p>	<p align="center"><b>«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ</b></p>
<p align="center">СМЖ ФАСКЕ 02.2069 - 2021 15 беттің 3 беті 1-нұсқа</p>		

## Мазмұны

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Анықтамалар	5
4	Белгілеулер мен қысқартулар	5
5	Жауапкершілік және өкілеттіктер	6
6	Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің негізгі міндеттері	6
7	Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің құрамы және жұмысын ұйымдастыру	8
8	Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері	9
9	Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің төрағасын тағайындау және оның жұмысына ақы төлеу тәртібі	10
10	Өзгерістер енгізу тәртібі	11
11	Сақтау және тарату	11
	А қосымшасы Келісу парағы	12
	Б қосымшасы Танысу парағы	13
	В қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	14
	Г қосымшасы Мерзімді тексерулерді есепке алу парағы	15

Сапа менеджменті жүйесі Факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесі туралы ереже	 <b>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</b>	«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ
СМЖ ФАСКЕ 02.2069 - 2021 15 беттің 4 беті 1-нұсқа		

## 1 Қолдану саласы

Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесі туралы осы ереже (бұдан әрі – ФАСКЕ) факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесі құрамына және жұмысын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды белгілейді, факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің негізгі мақсаттарын, факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Осы ФАСКЕ өз жұмысында факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесі басшылығы үшін міндетті болып табылады.

Ереже «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі – «С.Сейфуллин ат. ҚАТУ» КеАҚ) сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасының жиынтығына кіреді.

## 2 Нормативтік сілтемелер

Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға жасалған сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы конституциясы.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319-III Заңы.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» № 407-IV Заңы.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі.

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII Азаматтық кодексі.

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ Жарғысы;

СМЖ ҰС 02.2007-2020 Білім стандарты. Білім алушылардың білімін бақылау және қорытынды аттестациясы;

МС ХСҰ 9000:2005 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер және сөздік.

МС ХСҰ 9001:2015 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

ҰС СМЖ 01.1011-2020 Сапа менеджменті жүйесі. Ұйым стандарты. Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын құруға, ұсынуға және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар

ҚР SMK 01.1006-2020 Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған рәсім. Құжат айналымы.

ҚР СМЖ 01.1007-2020 Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған рәсім.  
Құжаттаманы басқару.

### 3 Анықтамалар

3.1 Осы ережеде МС ХСҰ 9001:2005 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

Оларға қосымша осы Ереженің 3.2-3.8-тармақтарында терминдер мен олардың анықтамалары белгіленген.

3.2 Әзірлеуші-бөлімше: құжатты әзірлеуші болып табылатын бөлімше.

3.3 Құрылымдық бөлімшенің салалары: бөлімдер мен зертханалар.

3.4 Факультет: оқу-ғылыми-әдістемелік және «С.Сейфуллин ат. ҚАТУ» ҚеАҚ әкімшілік бөлімшесі.

3.5 Академиялық сапа жөніндегі факультет Кеңесі: факультеттің білім беру саясатын іске асыруға жалпы басшылықты жүзеге асыратын алқалық орган.

3.6 Кафедра: «С.Сейфуллин ат. ҚАТУ» ҚеАҚ бір немесе бірнеше ұқсас білім беру бағдарламалары бойынша оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын, студенттер арасында тәрбие жұмысын, сондай-ақ ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше.

3.7 Жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі (бұдан әрі - Ғылыми кеңес) - жоғары оқу орнын алқалы басқару формаларының бірі.

3.8 Академиялық кеңес - «С.Сейфуллин ат. ҚАТУ» ҚеАҚ Жарғысына, ішкі құжаттары және Академиялық кеңес туралы ережеге сәйкес білім мен оқытуға қатысты барлық академиялық мәселелер бойынша саясатты қалыптастыруға, академиялық сапаны қамтамасыз етуге, академиялық басқаруға және университетте профессорлық -оқытушылық құрамды басқаруға арналған алқалы кеңесші орган.

### 4 Белгілеулер мен қысқартулар

Осы ережеде келесідей қысқартулар қолданылады:

- «С.Сейфуллин ат.ҚАТУ» ҚеАҚ – «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» ҚеАҚ;
- НҚА – нормативтік құқықтық актілер;
- СБӨ – сапа жөніндегі басшылықтың өкілі;
- СМЖ –сапа менеджменті жүйесі;
- ФАСКЕ– факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесі туралы ереже;

Сапа менеджменті жүйесі Факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесі туралы ереже	 SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ
СМЖ ФАСКЕ 02.2069 - 2021 15 беттің 6 беті 1-нұсқа		

- АМД – академиялық мәселелер жөніндегі департамент;
- ӘД – әкімшілік департаменті;
- КДСД – корпоративтік даму және стратегия департаменті.

## 5 Жауапкершілік және өкілеттіктер

5.1 Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің қызметі туралы ережені әзірлеуге, оны келісуге, бекітуге, тіркеуге, қолданысқа енгізуге жауапкершілік пен өкілеттік төмендегідей бөлінеді:

- ФАСКЕ әзірлеуге, нақтырақ айтқанда, оның мазмұны, құрылымы үшін академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, ал бекіту және енгізу үшін корпоративтік даму және стратегия департаменті жауапты болады.

- ФАСКЕ СБӨ-мен, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорымен (бұдан әрі – АМД), әкімшілік департаментінің директорымен (бұдан әрі – ӘД), құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директорымен және корпоративтік даму және стратегия департаменті директорымен (бұдан әрі – КДСД) келісілуі тиіс және «Келісу парағында» ресімделеді (Қосымша А).

- ФАСКЕ жобасының соңғы редакциясы туралы шешімді СБӨ қабылдайды.

- Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің хатшысы ФАСКЕ жобасын КДСД тіркеуге жібереді, КДСД және түпнұсқаны ресімдейді, келісуші қолдарды жинайды.

- КДСД осы Ережені қолданысқа енгізу туралы бұйрық дайындайды, оны Басқарма төрағасы бекітеді.

- Бекітілген ФАСКЕ бөлімшенің тиісті қызметкерлерінің назарына жеткізуге бөлімше басшысы жауапты болады. Танысу туралы жазба «Танысу парағында» ресімделуі тиіс (Қосымша Б).

## 6 Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің негізгі міндеттері

6.1 Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің (бұдан әрі - Академиялық сапа жөніндегі Кеңес) факультеттің білім беру саясатын кешенді бақылау мен қолдауды жүзеге асырады.

Академиялық сапа жөніндегі Кеңестің **мақсаты** – факультеттерде іске асырылатын оқу үдерісінің нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру.

Академиялық сапа жөніндегі Кеңестің **міндеттері:**

- білім беру бағдарламаларының тиімділігіне әсер ететін факторларды салыстырмалы талдауды ұйымдастыру және жүргізу;

- білім беру бағдарламалары тиімділігінің сапасына ішкі бағалау жүргізу;
- білім беру бағдарламасы пәндерін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету сапасын бағалау;
- білім беру бағдарламаларының еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкестік дәрежесін айқындау;
- білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- білім беру бағдарламасының траекториясынан ауытқу себептерін талдау, ауытқу жағдайында түзету іс-шараларын жүргізу бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- білім алушылардың білім беру бағдарламаларын оқыту нәтижелеріне қол жеткізуін талдау және талқылау;
- лицензиялық қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес профессорлық-оқытушылар құрамына оқу жүктемесінің бөлінуіне ішкі бағалау жүргізу;
- оқу жоспарының барлық пәндерінің силлабустарын, практиканың барлық түрлерінің бағдарламаларын, бітірушілердің қорытынды мемлекеттік аттестаттау бағдарламаларын факультет Кеңесінде қарауға және бекітуге ұсыну;
- кафедраларға барлық пәндер мен оқыту түрлері бойынша білім беру бағдарламасының студенттері үшін әдістемелік нұсқаулықтар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу бойынша тапсырыс беру, факультеттің ОӘӘ баспадан шығару жоспарын дайындау;
- сәйкес пәндер бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге әдістемелік талаптарды әзірлеу, профессорлық-оқытушылар құрамы дайындаған оқулықтар мен оқу -әдістемелік құралдарды талқылау және оларды басып шығаруға қатысты шешімдер қабылдау;
- оқу үрдісінде одан әрі пайдалануға ұсынымдар беру үшін пәндер бойынша оқу-әдістемелік құжаттарды қарау;
- жоғары білім беру мәселелері бойынша инновациялық педагогикалық технологиялар мен ғылыми-әдістемелік зерттеулерді талдау, білім беру бағдарламасы (бағыты) үшін оқытудың жаңа формалары мен әдістерінің ең тиімдісін іздеу;
- оқу үдерісінің барлық қатысушыларының назарына тиісті білім беру бағдарламалары мен оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттар туралы жаңа ғылыми -техникалық ақпаратты жеткізу;
- оқу үдерісіне университет қызметкерлерінің ғылыми жобаларының нәтижелерін енгізу бойынша ұсыныстар беру;
- білім алушыларға, оқытушылар құрамына және басқа да академиялық қызметкерлерге академиялық бұзушылықтар үшін стандарттар мен тәртіптік



<p align="center"><b>Сапа менеджменті жүйесі Факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесі туралы ереже</b></p>	 <p align="center"><b>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</b></p>	<p align="center"><b>«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ</b></p>
<p align="center">СМЖ ФАСКЕ 02.2069 - 2021 15 беттің 8 беті 1-нұсқа</p>		

жаза қолдану тәртібін әзірлеуге қатысу және оларды АМД директорына қарастыруға ұсыну.

Академиялық сапа жөніндегі Кеңестің отырыстарында төмендегідей мәселелер қаралады:

- факультеттің білім беру (академиялық) саясатын жетілдіру;
- білім алушылардың дипломдық жұмыстарының (жобаларының) тақырыбына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жағдайда оларды қарастыру және мақұлдау;

- академиялық адалдыққа және этикалық нормалардың бұзылуына байланысты ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау үрдістері кезеңінде туындаған даулы мәселелерді қарау;

- білім алушылардың көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттанбауы;

- оқу жылына бекітілгеннен кейін білім беру бағдарламаларының ОЖЖ-ға өзгерістер енгізу;

- академиялық кезеңнің аяқталуы бойынша білім алушылардың үлгерімінің сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау;

- білім алушыларды қорытынды бақылау кезінде оқытушылардың «Платонус» ААЖ тестілеуді тағайындаудың сапасын жақсарту және белгіленген мерзімдерді сақтауын қадағалау;

- келесі себептерге байланысты білім алушыларды оқудан шығаруға арналған ұсыным: академиялық үлгермеушілік; академиялық адалдық принциптерін, ішкі тәртіп ережелерін, университет Жарғысын және «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КЕАҚ студенттерінің Ар-намыс кодексін бұзғаны үшін, оның ішінде оқу тәртібін бұзғаны және академиялық демалыс аяқталғаннан кейін сабаққа келмеуі;

- факультеттің профессорлық-оқытушылар құрамы дайындаған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды талқылау және оларды басып шығаруға ұсыну;

- профессорлық-оқытушылар құрамының оқу-әдістемелік әдебиеттері және бейнедерістерін тексеру жөніндегі эксперттік комиссияның\тобының құрамын талдау және ОӘӘ\бейнедерістердің сараптама нәтижелерін талқылау;

- білім алушылардың белгілі бір кезеңге онлайн режимде оқу мүмкіндігін беру туралы өтініштерін қарау (ерекше жағдайларда тиісті құжаттарды растай отырып) және білім алушылардың басқа мәселелер бойынша өтініштерін қарау.

6.2 Академиялық сапа жөніндегі Кеңестің отырысы айына бір рет, сондай-ақ қажеттілігіне қарай өткізіледі. Академиялық сапа жөніндегі Кеңестің отырыстары хаттамалармен ресімделеді.

6.3 Академиялық сапа жөніндегі Кеңестің жұмысы туралы есеп академиялық кезең аяқталғаннан кейін, факультет Кеңесінің қарауына



Сапа менеджменті жүйесі Факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесі туралы ереже	 <b>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</b>	«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ
СМЖ ФАСКЕ 02.2069 - 2021 15 беттің 9 беті 1-нұсқа		

шығарылады.

## **7 Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің құрамы және жұмысын ұйымдастыру**

7.1 Академиялық сапа жөніндегі Кеңес Басқарма төрағасының бұйрығымен құрылады.

7.2 Академиялық сапа жөніндегі Кеңес құрамына кафедра меңгерушілері, өкілдері - тәжірибелі оқытушылар, білім алушылар, жұмыс берушілер мен жоғары оқу орнының алдыңғы жылдардағы түлектері кіруі мүмкін. Академиялық сапа жөніндегі Кеңестің сандық құрамын факультет Кеңесі анықтайды.

7.3 Академиялық сапа жөніндегі Кеңестің төрағасы мен мүшелері факультет Кеңесінде кафедра меңгерушілерінің ұсыныстары негізінде профессорлық - оқытушылар құрамы, білім алушылар, жұмыс берушілер мен түлектер арасынан сайланады.

7.4 Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің төрағасы Басқарма Төрағасының бұйрығымен факультет Кеңесінің шешімі негізінде ағымдағы жылдың 10 қыркүйегіне дейін тағайындалады.

7.5 Академиялық сапа жөніндегі Кеңестің жұмыс жоспары жыл сайын факультет Кеңесінің отырысында бекітіледі.

7.6 Академиялық сапа жөніндегі Кеңес өз қызметін тұрақты өткізілетін отырыстар арқылы жоспар бойынша іске асырады. Барлық отырыстар хаттама түрінде құжаттандырылуы тиіс. Комиссия отырыстарының хаттамалары деканат құжаттарында сақталады.

7.7 Академиялық сапа жөніндегі Кеңес шешімдері көпшілік дауыс беру арқылы қабылданады және факультеттің барлық профессорлық-оқытушылар құрамына немесе оның жеке мүшелеріне дейін жеткізіледі.

7.8 Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің төрағасы факультет Кеңесі мен университеттің Академиялық кеңесі алдында оқу жылы ішінде академиялық сапа жөніндегі Кеңестің атқарған жұмысы туралы есебін береді.

## **8 Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

8.1 Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің төрағасы міндетті:

- академиялық сапа жөніндегі Кеңестің жұмыс жоспарын уақтылы

Сапа менеджменті жүйесі Факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесі туралы ереже	 <b>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</b>	«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ
СМЖ ФАСКЕ 02.2069 - 2021 15 беттің 10 беті 1-нұсқа		

дайындап, бекітуге тапсыру;

- бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес академиялық сапа жөніндегі Кеңестің жұмысын ұйымдастырып, басқару;

- академиялық сапа жөніндегі Кеңестің қызметіне қатысты даулы сұрақтарды шешу;

- факультет кеңесі мен АМД оқу-әдістемелік комитеті алдында академиялық сапа жөніндегі Кеңестің жұмысы туралы есеп беру;

- деканат, факультеттің Ғылыми кеңесі және академиялық мәселелер бойынша департамент талабы бойынша академиялық сапа жөніндегі Кеңестің жұмысына қатысты құжаттаманы тапсыру;

- факультет деканатының, Ғылыми кеңесінің және академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің талаптары бойынша қажетті ақпарат пен құжаттаманы ұсыну;

8.2 Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің төрағасы құқылы:

- академиялық сапа жөніндегі Кеңестің жұмыс жоспарының жобасын құру;
- академиялық сапа жөніндегі Кеңестің мүшелері арасында міндеттер мен тапсырмаларды бөлу және олардың орындалғаны туралы есепті талап ету;

- академиялық сапа жөніндегі Кеңестің жұмысына қажетті құжаттарды кафедралардан және университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерінен талап ету;

- оқу үдерісін ұйымдастыру сұрақтарына қатысты университеттің барлық іс-шараларына қатысу;

8.3 Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесі мүшелерінің міндеттері:

- осы ережеде баяндалған негізгі қызметтер мен тапсырмаларды іске асыру кезінде өз міндеттерін адал, сапалы әрі үлкен жауапкершілікпен атқару.

8.4 Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесі хатшысының міндеті:

- академиялық сапа жөніндегі Кеңестің құжаттарын жүргізіп, оларды сақтау (академиялық сапа жөніндегі Кеңес құрамының тізімдерін, жұмыс жоспарларын, есептерді, хаттамаларды, осы ережеде анықталған барлық жұмыс түрлерінің орындалуы нәтижелері бойынша басқа құжаттар).

## **9 Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің төрағасын тағайындау және оның жұмысына ақы төлеу тәртібі**

9.1 Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің төрағасы факультет деканының қызметтік хаты негізінде Басқарма төрағасының бұйрығымен оқу жылына сайланады.

<p align="center"><b>Сапа менеджменті жүйесі Факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесі туралы ереже</b></p>	 <p align="center"><b>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</b></p>	<p align="center"><b>«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ</b></p>
<p align="center">СМЖ ФАСКЕ 02.2069 - 2021 15 беттің 11 беті 1-нұсқа</p>		

9.2 Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесі төрағасының жұмысына бір айдың ішінде атқарған жұмыс нәтижесі бойынша Профессорлық-оқытушылар құрамына үстеме ақы белгілеу туралы Ережеге (СМЖ ПОҚҮБЕ 02.2052-2020, 11.1-тармақ) сәйкес университет қаржысынан төлемақы жүргізіледі.

## **10 Өзгерістер енгізу тәртібі**

10.1 Ережеге өзгерістер енгізу тек СБӨ рұқсаты бойынша ғана жүргізіледі және міндетті түрде оның (олардың) қолы қойылып, құжатпен ресімделеді. Ереженің өзгертілген нұсқасынан алынған парақтар өзгерістер енгізуге рұқсат беру туралы құжатпен бірге сақталады.

10.2 КДСД сақтауға тапсырылған ережеге өзгерістер енгізу ҚР СМЖ 01-2015 талаптарына сәйкес жүргізіледі.

10.3 КДСД менеджері ережеге енгізілген өзгерістерді «Өзгерістерді тіркеу парағында» міндетті түрде белгілей отырып енгізеді (Қосымша В).

## **11 Сақтау және тарату**

11.1 Бекітілген Ережені (түпнұсқаны) КДСД сақтауға бергені үшін факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің хатшысы жауапты болады.

11.2 ФАСКЕ сақтау және көшірмелерін бөлімшелерге тарату жауапкершілігі КДСД жүктеледі.

11.3 ФАСКЕ «ARTA SYNERGY» электрондық құжат айналымы жүйесінде электрондық форматта тіркеледі және келесідей мекен-жайларға жіберіледі: АМД, ӘД, университет деканаттары мен кафедраларына.







